



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**РУХЫ БИІК ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ – ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ**

**Берліғалиева Гүлайым.**

[gulaiym.009@mail.ru](mailto:gulaiym.009@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің I курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері – Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

Отанымыздың егемендігі жолында кешегі өткен Алаш қайраткерлерінің де қомақты қолтаңбасы бар. Қазақтың қатпарлы, қалың тарихынан батырлық пен даналық, ұлттық рухты анық аңғаруға болады. Рухы биік ұлтының ұлы перзенті ретінде Алаш қайраткері мемлекет және қоғам қайраткері, математикадан тұңғыш қазақ профессоры атанған Әлімхан Әбеуұлы Ермековті атар едім. Әлімхан Ермеков Сарыарқа сәукелесі Қарқаралы өңірінде дүниеге келген. «Жас Алаш» газетінде Серік Ақсұңқарұлының мақаласында: «Адамзаттан асып туған алтын айдарлы ұлдар Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Ақбайдың Жақыбының кіндік қаны тамған жері біздің Қызыларай – Ақсоран» деп атап өтті [1,1].

Қазақстан Республикасының Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: Тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі – деп айтқандай, осыдан 100 жыл бұрын құрылған Алашорданың бүгінгі бейнесі – Тәуелсіз Қазақстан. Адами, тұлғалық қасиеттерін ұлтының басты мұраттарына арнаған қайраткер Әлімхан Ермеков - Семей ерлер гимназиясында білім алды. Жас Ермеков жаңашылдыққа, білімге ұмтылды. Сүйікті ұстазы Фаддей Ромуальдович Дульский Әлімхан Әбеуұлына былай деген екен: «Әли, сіз өз ұлтыңыздың біртуар азаматысыз. Мұнда сіздер азсыздар. Халқыңыз қараңғы. Сіз мазуркамен айналысуды емес, ұлт тағдырын ұлыққа жетелеуді мақсат етуіңіз қажет.» [2,7]. Дәл осы орта, дәл осы ұстаздың ақылы сөзсіз Әлімхан Ермековтің тұлға ретінде қалыптасуына және алдағы тағдырына әсер етті. Өзінің естелігінде: «поляк Фадей Ромуальдович сабақ беретін математиканы ұнататынмын. Бұл ұстаз аса білімді, жоғары мәдениетті адам еді. Пушкин, Белинский, Писарев сияқты орыс жазушыларының шығармаларымен сол кісі арқылы таныстым. Орыстың озық ойлы әдебиетімен, мәдениетімен танысу менің өмірге деген көзқарасымды қалыптастыра бастады. Теңсіздік, қараңғылық, тек қана қазақ даласында емес, орыстың өз елінде де бар екенін, қарапайым халықтың жағдайының нашар екенін, оған кімдер кінәлі екенін ұғына бастадым.»

Математикаға деген сүйіспеншілігі, табиғи дарыны мен терең білімі оның болашақ қызметі ғылыми-педагогика бағытын айқындады. Том технология институтындағы оқыған 1912 мен 1917 жылдар Әлімхан Әбеуұлының тұлға ретіндегі азаматтық позициясын қалыптастырды. Орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдерімен танысуы, оқу арасында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Р.Марсеков және басқа да алаш қайраткерлерімен жақындасуы ой-өрісі мен сана сезіміне өшпес із қалдырды [3,54].

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, ұлттық сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең. Сондай-ақ бұл уақыт қазақ тарихындағы азаттық жолындағы күрестің, яғни саяси-әлеуметтік қозғалыстың дамып, құлаш жая бастаған кезі болып табылады. Ұлттық интеллигенция өкілдерінің қатарында Әлімхан Ермеков қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық болып, жер мәселесін шешуге өз үлесін қосты. Бізге белгілі, Ақпан революциясының жеңісінен кейін 1917 жылдың жазында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары облыстық, уездік, болыстық, ауылдық атқарушы комитеттері қалыптасты. Дәл осы жылы Әлімхан Әбеуұлы Том технология институтындағы 5 курстағы оқуын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Революциялық оқиғалардан кейін еліне оралып, Әлихан Бөкейхановпен қызметтес болды. 1917-1918 жылдары Әлімхан Ермеков педагогикалық қызметімен қатар, Семей облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметінде

болды. 1918 жылы 22 қаңтарда «Сарыарқа» газетінде: «...Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат дүниеге «Алаш» автономиясы келіп азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болады. Автономия - бізге өмірлік мақсат еді. Іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде дүниежүзін жаңғыртып, Алаш ұранын шақырып отыр. Алаш! Алаш! Көтер басты, уақыт жетті, сүртелік көзден аққан қанды жасты...» - дей келе Әлімхан Әбеуұлы езілген қазақ халқының үн көтеріп, бостандықтың туын ұстағанын қуана баспасөз беттерінде жеткізеді [4,31].

1920 жылы 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралды. Осы мәжілісте Қазақстанның жер жағдайы туралы, шекара мәселесі және оның ерекшеліктері жөнінде Әлімхан Ермеков баяндама жасап, Қазақстанның жері және оның шекарасы туралы мәселелерді толықтай қамтып, Ресейдің өктемшіл, озбыр, отаршылдық пиғылдағы өкілдерімен қызу айтысқа түсіп, өз пікірін жан-жақты бұлтартпас дәлелдермен қорғап шықты. Табанды еңбектің нәтижесінде, Әлімхан Әбеуұлы орталық аппараттағы көптеген шенеуніктердің пікіріне қарамастан Қазақстан үшін өте маңызды территориялардың қайтарылуына қол жеткізді. Олардың қатарынан Каспий теңізінің теріскей жағалауындағы жерді, Ертістің сол жақ жағалауындағы 10 шақырымдық жерді, Ақмола және Семей облыстарын атап өтсем жөн болар. Әлімхан Ермековтың қазақ жеріне байланысты Лениннің алдына қойған үш мәселесінің бірінен үзінді келтірсем: «Қазақ ұлты белгілі бір қоғамдық, мемлекеттік, экономикалық, саяси даму деңгейіне көтерілгенше, ғылым мен техниканы меңгеріп, отбасылық дәулеті еуропалық ұлттармен теңескенше жерді жеке меншікке беруге және қоныстанушыларды әкелуге болмайды» [5,41]. Әлімхан Ермеков 1921 жылы қазақ елінің болашағы жаңа жағдайдағы оқу мен білімде екенін түсіне отырып, айрықша күш-жігер жұмсауының нәтижесінде Қарқаралыда екі сатылы мектеп пен педагогтік техникумның ашылуына қол жеткізеді. Білікті, білімді оқытушыларды басқа қалалардан шақыртты.

1925 жылы Әлімхан Ермеков Семейге шақырылып, Қазақстан жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады да, Орынборға аттанады. Сонымен қатар, оған өнеркәсіп секциясын басқару да жүктеледі. 1926 жылы Қазақ КСР-інің алтыншы шақырылған Орталық атқару комитетіне мүше болып сайланады, 1926 жылы да осы орталықтың жетінші шақырылымына мүше болды.

Тәуелсіздік үшін күрес жолына түсуін, Әлімхан Ермеков 1932 жылғы өзінің ашық хатында: «Қазақстан – ертедегі тарихи себептермен артта қалған ел. Бұл менің туып-өскен жерім, сондықтан оның дамып келе жатқан құрылысының майданында адал қызмет ету менің ендігі борышым, әділдік жолмен елдің тағдыры, барлық адам баласының тағдыры шешіліп жатса, өзіме тыныштық іздеп, қиыншылықтан қашып, тайып шықсам, оны үлкен қылмыс санаймын» - деп жазған еді. Даусыз, бұл - шындық, бұл - нағыз ұлт қамын ойлаған зиялы азаматтың аузынан шыққан сөз [6,11].

Зиялы қауымның тағдыры ел тағдырынан әсте тыс болған емес. Қазақтың халық ретіндегі тағдыры қыл үстінде тұрған уақытта алдымен ғылым-білімді дамыту кезек күттірмес мәселе болатын. Елге қадірлі, орысша сауаты бар, озық ойлы Әлімхан Ермеков өмірінің соңына дейін еліміздегі білім, ағарту, ғылым саласына айрықша еңбек сіңірген жан. Оның өзі туралы жазған анкеталарынан түркітөктес туыстас тілдерді есептемегенде, орыс тілінен бөлек бірнеше шет тілін: ағылшын, неміс, француз, итальян тілдерін білгендігі жайлы ақпарат алуға болады. Ташкенттегі жоғары педагогтік институтқа, ал кейіннен Алматыдағы жоғары оқу орындарына ғылыми-педагогтік қызметтерге шақырылды. Қазақ педагогтік институты мен мемлекеттік университетте және Алматы зооветеринарлық институтында математика кафедраларын басқарды. 1935 жылы КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясы Ә.Ермековке профессор атағын берді. 1935 жылы Қызылорда қаласында Әлімхан Ермековтың жоғарғы техникалық және педагогикалық оқу орындарына арналған «Ұлы математика курсы» еңбегі 10 мың данамен

латын графикасында жарық көрді. «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» еңбегімен қатар, «Қазақ тілінің математика терминдері» атты анықтамалық сөздігі сол кезеңде маңызды еңбек болды және қазақ интеллигенциясының Қазақстанның білімі, ғылымы, мәдениетіне қосқан айрықша үлесі болып табылады.

1937 жылы қазақ зиялылары «халық жауы» атанып, ұсталып жатқанда, Әлімхан Әбеуұлы Мәскеуге кетіп, бой тасалайды. Сол жерде жолдама алып, Ресейдің қаласы Куйбышевтағы жоспарлау институтының математика кафедрасына меңгеруші болып тағайындалады. Алайда үсті-үстіне жазылып жатқан арыз-шағымдардың қырсығынан 1938 жылы екінші рет қамауға алынып, он жылға (кейіннен жаза мерзімі 6 жылға түсіріледі) сотталады, 1948 жылы үшінші рет тұтқынға алынып, тағы да он жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарылады. Тек Сталиннің өліміне байланысты ол соңғы айдаудан 1955 жылы босатылады. [7,18]. 1955 жылы Әлімхан Ермеков Қарағандыға келіп, Қарағанды тау-кен институтына (қазір Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті) жоғары математика кафедрасының аға оқытушылық қызметіне орналасады. Бұл қызметте 1955-1968 жылдар аралығына болады. 1970 жылы ауыр науқастан қайтыс болады.

Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары - бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі. ҚР тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек» - деген терең тебіреніске толы арнау сөзін қазақ елінде тұратын және өз Отаным деп білетін әрбір азамат жүрегінің терең түпкірінде сақтап, қашанда жадында ұстауы қажет.

Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы бола білдік.

Алаш қайраткерлерінің сындарлы өмір жолдары, атқарған қызметтері – халыққа және республикаға табанды қызмет етудің көрнекті үлгісі. «Алаш» буынының ұлы тұлғалары өзінің ұлты үшін шырақ, адамгершілік бағдары, жоғары адамзат рухының және Отанға қызмет етудің өшпес өнегесі болды.

Әлімхан Ермеков - ғылым қуып қана қоймай, саяси ахуалды жіті бақылап отыруға, басын бәйгеге тігіп, отаршыл өкіметтің шешімдеріне қарсы тұрған таланты мен талабы ұштасқан тұлға. Ол қазақ халқының ұлт ретіндегі орнын айқындауда, ұлттық сананың оянуына зор ықпал етті. Біріншіден, Әлімхан Әбеуұлы тек мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сарабал саясаткер Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасының құрылуына үлкен үлес қосты. Екіншіден, математикадан тұңғыш қазақ профессоры ретіндегі ғылыми-педагогика саласына елеулі еңбек сіңірді. Үшіншіден, тар жол, тайғақ кешу кезеңінде Алашорда үкіметінің мүддесін қорғауға тарихи мүмкіндік туды. Қазақ АКСР-нің шекарасын межелеудегі орасан еңбегі тарихымызда мәңгіге қалмақ. Әлімхан Ермековтың арпалысқа, күреске толы ғұмыры, өжет тұлғасы азат елдің ұландарына үлгі. «Тәуелсізбіз не күтеміз өзге енді, Серпіл қазақ серпілетін кез келді» демекші, серпігенде сұңғыла тілі, серпілгенде білімі жұғынатын ғажап адамның азат жастарға айтары сол ғасырдың ширегінен шырылдап тұр. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Ертеңіне алаң болар кім?! Азаттықты аңсаған Алашордалықтар еркіндік үшін терін де, қанын да төкті. Асқаралы арман адастырмады. Өйткені өздері көрмесе де, бейбіт күннің бағасын ұрпағы сезінуде.

Ұлтының мәңгілік мәйегін ойлаған Алаш зиялысы Әлімхан Ермековтың қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз!

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақсұңқарұлы С. Алашорданың соңғы тұяғы // Жас Алаш, 2017 жыл. 23 ақпан.
2. Кыдыралина. Ж. У. Алимхан Ермеков. - Алматы, 2012. 7-8 бб.
3. Жұртбай. Т. Ұраным – Алаш! - Алматы, Ел-шежіре. 2008 жыл. 54 бет.
4. Өскембаев. Қ. С. Ә. Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі. - Қарағанды, 2003. 221 б.
5. Құл-Мұхаммед. М. А. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы, Атамұра. 1998.
6. Тілешов. Е. Қамзабекұлы. Д. Нұрахмет. И. Алаш қозғалысы. - Алматы, 2008. 52 б.
7. Өскембаев Қ. С. Әлімхан Ермеков. Тұлға тағылымы. – Қарағанды : «Арқо»
8. ЖШС, 2013. 318 б.

УДК 9.908.

## **1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮРЛІ ХАНДЫҚ БИЛІК**

**Бижанов Асылжан Саміғоллаұлы**

[bizhanov\\_as@mail.ru](mailto:bizhanov_as@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУТарих факультетінің ІІ курс магистранты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е. Сайлаубай

1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азияда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болды. Көтерілістің басты себептері экономикалық және саяси-әлеуметтік мәселелерге тікелей байланысты болды. Ол отаршылдық езгінің күшеюінен, жергілікті халықтың жерін тартып алуынан, патша үкіметінің қоныстандыру саясатынан, салықтар мен басқа да алымдар көлемінің шамадан тыс ұлғаюынан және қалың жұртшылықтың әлеуметтік жағдайының І дүниежүзілік соғыс есебінен күрт төмендеуінен көрініс тапты. Көтерілістің басталуына Николай ІІ патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығы түрткі болған. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 400 мың адам (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді. [1, 187 б.]

Патша жарлығына наразылық білдірген халық дәстүрлі билікті қайта жаңғырта отырып, отаршылдыққа қарсы өзіне күрес жүргізді. Ел сайлаған хандар көтерілісшілерді біріктіруші рөл атқарды. Хандық билікті орнату арқылы қараша халық отаршыл үкімет басқаруынан құтылып, саяси азаттыққа, тәуелсіздікке ұмтылды. Таза көшпелілік сақталған аудандарда тәуелсіздік рухы жоғары болып, қазақы жолды таңдаған стихиялық күш бостандыққа жету үшін дәстүрлі саяси құрылым мен қарулы күрес әдісін қолданды.

1916 жыл оқиғасын Қазақстанның басқа аймақтарынан бөлек Ақмола, Атбасар уездері құжаттарындағы деректер негізінде зерттесек, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы шыққан ел, қазақ ауылдарының үлкен ұйымшылдық көрсеткенін байқаймыз. 1886 жылғы экспедицияның зерттеуі бойынша Нұра өзенінің орта ағысының бойын жайлаған ауылдардың көбі Арғын мен Қарақырғыз руларынан екен. Ерейменнің таулы алқабы мен Сілеті өзенінің төменгі ағысын Қанжығалы руы, таулы орманды солтүстік беткейді Керейлер қоныстаныпты. Есіл бойына Қыпшақ ауылдары, Борсық өзеніне Арғындар мен Қырғыз руы иелік құрыпты. [2, 62 б.]